

## Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

### *Күші жойғал*

Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімінің 2022 жылғы 7 қарашадағы № 1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 7 қарашада № 30440 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімінің 2023 жылғы 21 ақпандағы № 1 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Риддер қаласы әкімінің 21.02.2023 № 1 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына, Риддер қаласының төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі комиссиясының 2022 жылғы 6 қарашадағы кезектен тыс отырысының № 7 хаттамасына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Риддер қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жоюға басшылық жасауды және жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу өзіме қалдырылсын.

3. "Риддер қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы шешімнің мемлекеттік тіркелуін;

2) Риддер қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында осы шешімді орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

